

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы кеңейтілген Сенат мәжілісінің

№11 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 11:00
Мәдениет орталығының кіші залы

26 маусым 2023 жыл
Дүйсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, құрылымдық бөлім басшылары, кафедра меңгерушілері

Күн тәртібінде:

3. 2022-2023 оқу жылындағы көктемгі сессияның қорытындысы туралы
(Баяндамашы: Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Қ.Идрисова,
регламент 10 минут).

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


3.1. 2022-2023 оқу жылының көктемгі аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

3.2. 2022-2023 оқу жылының көктемгі аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра деңгейінде талқыланып талдау жасалсын (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері);

3.3. Білім алушылар, оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі мен Академиялық адалдық кодексімен **2023-2024 оқу жылының басында қайтадан толық** таныс болуы қамтамасыз етілсін. Танысу парақтары деканатта сақталсын (жауапты: факультет декандары);

3.4. Білім алушылар мен оқытушы-профессор құрамы тарапынан академиялық адалдық қағидаларының қатаң сақталуын қамтамасыз ету мақсатында **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы бұйрығы негізге алынып, оң бағалардың жалпы санына қатысты "А" және "А–" бағаларының пайызы академиялық кезеңдегі бағалардың жалпы санының қатынасы 20% – дан аспасын деген талаптары сақталсын** (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы



Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева